Бекітемін
Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
Басқарма Төрағасы –Ректор м.у.а.

_____Б.Таубаев

«28» 02 _____2024 ж.

Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі

Кешенді емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

Келесі пәндер бойынша
1. Сәндік қолданбалы өнер негіздері
2. Визуалды өнер 5
3. Көркем еңбек

6В01406 – Көркем еңбек, графика және жобалау ББББ бойынша студенттерге арналған

2023-2024 оқу жылы

Талдықорған, 2024 ж.

Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің кеңесінде қаралды

Хаттама №_2_ «_31_» _10_ 20_23_ж.

БББ жетекшісі _____А.Усенова
/аты-жөні/

Келісілді:

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор _____ Б.Таубаев
/қолы, аты-жөні/

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры _____ Г.Кыдырбаева
/қолы, аты-жөні/

Жоғары мектеп деканы _____ Е.Утегенов
/қолы, аты-жөні/

Университетінің Ғылыми кеңесінде бекітілген

«_26_» _02_ 20_24_ж. № _7_ хаттама

ТҮСІНІК ХАТ

Кешенді емтиханға қойылатын талаптар жоғары кәсіби білімнің (бакалавриат) мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты және 6В01406 – Көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы бойынша оқып бітірушілерге қойылатын талаптар негізінде әзірленді.

Кешенді мемлекеттік емтиханның негізгі мақсаты – студенттерді болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың әдістемелік негізін қалау, жалпы білім беретін мектептерде оқушы жастармен бастауыш, кәсіптік білім мен еңбек технологиясының мектептің типтік оқу бағдарламаларының тарауларына сәйкес жемісті жұмыстар жүргізуіне, мектеп оқушыларын Республикадағы жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыру. Бағдарлама 6В01406 – Көркем еңбек, графика және жобалау ББББ бойынша оқытылатын міндетті пәндерден сарапталған маңызды сұрақтардан тұрады, ол 3 модульден қамтиды. 1-модуль: «Сәндік қолданбалы өнер негіздері», 2-модуль: «Визуалды өнер-5», 3-модуль: «Көркем еңбек».

«Сәндік қолданбалы өнер негіздері» курсын меңгере отырып, бітірушілер әр түрлі материалдардағы сәндік-қолданбалы, безендіру өнері, дизайн және халықтық қолөнер, көркем-шығармашылық композициялар бойынша практикалық жұмыс дағдылары бар, сәндік-қолданбалы өнер және халықтық қолөнер бұйымдарын өндіруде қолданылатын материалдардың физикалық және химиялық қасиеттерін қолдана алады, дизайн өнімдерінің негізгі түрлерін жобалаудың әдістері мен принциптерін игерді.

«Визуалды өнер-5» курсын меңгере отырып, бітіруші академиялық және классикалық сурет салудың негізгі заңдылықтарын қолданады, академиялық және классикалық сурет салудың стилін, техникасын таңдайды.

«Көркем еңбек» курсын меңгере отырып, бітіруші білуі тиіс: казіргі заман техникасы мен ғылым жетістіктерімен таныса отырып қол өнері технологиясын жете меңгеру, көркем еңбек пәні бойынша фундаментальды білім алуын қамтамасыз ету,оқытушының әлеуметтік ролін көтеру,оның кәсіптік дайындығын жақсарту,жалпы алғанда білімгерлердің техникалық ой-өрісін, шығармашылық белсенділігін көтеруге және жоғары сапалы мамандар дайындауға бағытталады.

Кешенді мемлекеттік емтихандағы жауаптарды бағалау критерийлері:

100-ден 90 баллға дейін Студенттің жауабы толық және дұрыс. Студент материалды қорыта алады, өз тұжырымын жасай алады, өз пікірін білдіре алады, негізгі принциптері мен заңдылықтары, негізгі категориялары мен ұғымдарын біледі. Сәндік қолданбалы өнердің, әртүрлі дәуірдегі бейнелеу өнерінің негіздерін, қазақстан бейнелеу өнерінің тарихын біледі, халықтық қолөнер бұйымдарын жасау процесінде, материалдардың технологиясы мен қасиеттерін ескере отырып, халықтық қолөнер түрлерін анықтап, ою-өрнектерді қолдана отырып сауатты қолдана алады. Қөркем еңбек пәні бойынша фундаментальды алынған теориялық білімдерін, техникалық ой-өрісін, шығармашылық белсенділігін көрсете біледі.

89-дан 70 балл аралығы егер негізгі категориялар мен түсіндірмелерді, бағдарламаның негізгі принциптерін нақты әрі сенімді жеткізсе қойылады. Алған білімдерін синтездей білу және оларды практикалық, кәсіби міндеттерді шешуде қолдану. Сәндік қолданбалы, визуалды өнер білімі негізінде шығармашылық туындылар жасайды, көркем еңбек сабағында күнделікті жоспарларын әзірлеу және оларды әдістемелік тұрғыда жабдықтай білу. Студенттің жауабы дұрыс, бірақ толық емес. Студенттердің пікірлері анық көрсетілген, иллюстрациялық мысалдар келтірілмеген. Соның өзінде мектептегі көркем еңбек білім теориясы мен тарихы, әдістемесін педагогикалық тәжірибені түсіндіру мен талдауда қолданылмайды. Және де мұндай талдауда жеке көзқарасқа негізделмейді.

69-дан 50 балл аралығы егер егер,негізгі категориялар, түсіндірмелерді, негізгі принциптер мен бағдарламаның заңдылықтарын жеткіліксіз сенімділік пен нақты айтуға қойылады. Жауап педагогикалық тәжірибедегі мысалдармен түсіндірмейді. Жауап беру барысында өзіне сенімсіздік танып негізгі бағдарламаламаның заңдылықтары мен қағидаттарын түсіндіруде терминдер бұрмаланып, мәнін жоғалтса.

49 дан 24 балл аралығы егер студенттің жауабы негізгі сәттерде белгіленген, мысалдар келтірілмеді, студенттің өз пікірі жоқ, егжей-тегжейлі қателер бар.Жауапта тақырыптың негізгі аспектілеріндегі елеулі қателер. Оң баға болып табылмайды. Ол - бағдарламаның негізгі санаттағы қағидаттар мен заңдылықтарын білмеген жағдайда қойылады

1-МОДУЛЬ
СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР НЕГІЗДЕРІ

1. Сәндік қолданбалы өнерге байланысты түсініктер беру. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің ежелгі ұлттық үлгілері мен дәстүрі ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Қазақтың ежелден келе жатқан киіз үйі мен күнделікті тұрмыста пайдаланатын барлық жиһаздары мен заттары ұлттық ою-өрнекпен көркемделіп отырады. Ою-өрнектері қайталанбалы әрі ашық түсті болып келетін алаша, текшелі өрнекті тықыр кілем, әшекей оюлы кебеже сияқты киіз үйдін ішіне тұтынатын сәндік жиһаздармен қатар ағаш ұқсату өнері және жібек жіптермен кестелей тоқу, ағаш пен сүйекті жымдастыру арқылы көркемдеу, тері ұксату (бедерлі инкрустациялы), оймыш, шекіме, бұрама, қалыптама, қаптырма, көз салу секілді зергерлік өнерінің түрлері де өркен жайды.

2. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің көп ғасырлық тарихы бар. Сәндік қолданбалы өнер деп тек қана практикалық жағынан емес, эстетикалық мәні жағынан да маңызды дайындалған және көркем жасалған өндірістік немесе қолөнер арқылы өмірге келген көркем туынды жасауды айтады.

3. Мата түрлері. Мата түрлерімен танысу. Мата туралы не нәрсені білуіңіз керек? Киім алуға барғанда оның сән үлгісіне айрықша мән бергенімізбен, матасына көңіл бөле бермейміз.

4. Матадан құрақтар құрастыру. Пэчворк. Құрақ – мата қалдықтарынан жасалатын үй бұйымының бірі. Орыс тілінде құрақ құрау өнері «Лоскутное шитье»деп аталады. Орыс халқының құрақ құрау өнері өте ерте заманнан келе жатыр. Шығыста, Мысырда, Каир төңірегінде үш мың жыл бұрын тігілген құрақ бұйымдар табылған. Ағылшындарда XVIII ғасырда пайда болған өнер Пэчворк (patchwork - кесіндімен жұмыс) деп аталады. Жапон халқында құрақ «сашико» деп аталады. Америкада әр түрлі ұлт өкілдер тұрғандықтан құрақ құрау өнері пайда болған.

5. Қолөнерінің алатын орыны ерекше, ол әрбір ұлттың өзіне тән меншікті өнері болып саналады. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын қолөнері де дамып отырған. Қазақтың өрнекті әшекейімен істелетін қолөнерінің түрлері өте көп. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнерінің алуан түрін өмірге алып келуде. Соның бірі құрақ құрау. Бұл аса шеберлікті , шыдамдылықты қажет ететін қолөнер.

6. Қазақтың ұлттық ою – өрнегі. Оқушыларға ою - өрнек, оның түрлері, жасалу жолдары туралы мағлұмат беру. Оюдың мағынасын түсініп, жаңа үлгілерін өз шығармашылығында орындау, оюды оя білуге үйрету.

7. Қазақтың ұлттық ою - өрнегі – қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою - өрнек түрлері. Ғылымда ою – өрнектерді 4 топқа бөледі.

8. Қағазбен жұмыс. «Оригами» өнері.Қағаз пластикасымен жұмыс істеу үшін ең алдымен қағазды дұрыс бүктеу, қаттау және ию тәсілдерін меңгеру керек. Жұмыс істеуге өте қолайлы болып келетін түрлі түсті қағаздарды пайдаланған жөн.

9. Қағаз – біреулер үшін тек жазу не сызу құралы болса, енді біреулер үшін қолөнерде таптырмас материал екен. Қағаздан сан түрлі дүние жасауға болады. Қағаздың қыр-сырын білетіндер оны кәдеге асыру жолдарын да жақсы меңгерген. Қағазды қалай болса, солай тастамай, оны өз орнымен жұмсай білу – үлкен өнер. Ал оны керегіне жаратып, жаңа дүние жасап шығару – нағыз шеберліктің белгісі.

10. Квиллинг өнері. Квиллинг өнерімен таныстыру, қағаз орау техникасымен панно жасауды үйрету. Оқушылардың шығармашылығын, жұмыс барысында техникалық ойлау қабілетін, фантазиясын дамыту. Қолөнер арқылы оқушыларды еңбексүйгіштікке,достыққа тәрбиелеу.

11. Қолөнерде таптырмас материалдың бірі қағаз. Қарапайым қағаздан сан түрлі қолөнер бұйымын жасауға болады. Қағазды пайдаланатын қолөнер түрлерін квиллинг,оригами, папье –маше,аппликация, скрапбукинг деп атайды. Бүгінгі сабағымызда қолөнердің квиллинг деген түрімен танысу. Қағазды жіңішке әрі ұзыншалап қиып, оны спираль тәрізді шиыршықтап, түрлі формаға келтіріп әдемі гүлдер, ою – өрнектер жасап үйренеміз. «quilling» – ағылшын тілінен аударғанда «құстың қанаты» деген мағына береді.Квиллинг алғаш рет Европада XIVғасырдың аяғында XV ғасырдың басында пайда болған.

12. Квиллинг - қолөнердің бір түрі, онда түрлі-түсті өрнектер қалыптастыру, композициялар жасау үшін қағазды қолмен бұрау қажет. Бұл өнер түрі XV-XVI ғасырларда Еуропада пайда болып, алдымен монахтар арасында, қазіргі кездегі әйелдер арасында танымал болды.Квиллинг - қағазды бұрау әдісі. Ол үшін түрлі түсті ұзын тар жолақтар түрінде арнайы қағаз қолданылады.

13. Бисермен жұмыс. Бисер тоқу ертеден келе жатқан қолөнердің бірі.Бисер дегеніміз не? Пластмассадан, әйнектен, інжу-маржаннан жасалған түрлі –түсті ұсақ моншақтарды бисер деп атайды. Бисермен тоқу көп уақытты,шыдамдылықты талап етеді. Бисердің отаны- Ежелгі Египет. Бисер сөзі арабтың «буера» сөзінен шыққан.Ол « ортасы тесік моншақ» деген мағынаны білдіреді. Бисердің түрлері- стеклярус,рубка,богем бисері,шорлот деп бөлінеді.

14. Жүн және одан жасалатын заттар.Жүн дегеніміз – жануар терісінен алынатын талшықты материал. Жүн сыртқы түріне, қасиетіне және түзілуіне байланысты келесі түрлерге бөлінеді; Түбіт жүн (мамық) – ең жіңішке, қалыңдығы 30 мкм жүн талшығын айтамыз. Бұл талшық 2 қабаттан тұрады: 1) қабыршақты; 2) қабытты.

15. Табиғи жүн – тірі малдан алынатын жүн немесе тарау кезіндегі алынатын қылшықтар. Қылшықты жүн – жануарлардың түлеу кезінде алынған (сиыр, жылқы, түйе). Қырқылған немесе қырқылмаған жүн – жануарлардың денесінен қырқу арқылы алынған немесе сылу арқылы алынған. Зауыттық жүн – тері зауыттарында жануар терісінен химиялық заттармен бактериалдық және ферментативтік әдіс арқылы алынған жүн.

16. Жүн –жылы, берік және ұзақ жылды талшық. Жүн жылу сақтағыш. Тоқыма өнеркәсібінде меринос қойының жүні өте бағалы. Ең жақсы меринос тұқымды қой Австралияда және Жаңа Зелландияда өсіріледі. Меринос жүнінен маталар мен иірімжіптер ұзындығымен, тегістігімен, жүн қылшықтарының жібектілігімен негізделеді.

17. Тоқу өнері . Ілмек бізбен тоқу . Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс халдері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма.

18. Кесте тігу технологиясы. Кесте – сәндік қол өнерінің бір түрі. Мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Ежелден халық арасына кең тараған. Кесте инемен, бізбен және кесте машинасымен тігіледі. Кейде Кестеге моншақ, інжу, маржан, т.б. асыл тастар тағылады. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады. Кестенің біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кенебе ине, т.б. түрлері белгілі. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар.

19. Кілем тоқу өнері. Кілем - сәнді тоқыма жиһазы. Негізінен сәндік, бөлме жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету мақсатында тұтынылады. Кілем тоқылу ерекшелігіне (түкті, тықыр) материалына (жүн, жібек, мақта, кендір талшығы), көлеміне (кос гүлді, үш гүлді, қос күмбезді, бес күмбезді), ою-өрнегіне (көгеріс өрнекті, ұласымды өрнекті, т.б.) бояу үйлесіміне байланысты бөлінеді.

20. Текемет бұйымдарын дайындау технологиясы және талаптары.Қазақ халқының қолөнер шеберлері өз өнерлерін халық игілігіне жұмсай отырып, небір ғажайып дүниелер жасап өз ұрпағына мирас етіп қалдырып отырды. Ондай халық қазыналары қазіргі кезде республикамыздың мемлекеттік тарихи мұражайларында, облыстық, қалалық мәдени мұражайларында экспонат ретінде қойылып, көздің қарашығышдай сақталуда. үйренуге мүмкіндіктер аз.

21. Батикпен жұмыс. Батик- өнері өте ертеде дамыған. Индонезияның Ява аралында алғаш рет дүниеге келді. Матаға жағылған балауыз бояу түстерін өткізбейді яғни механикалық түрде резерв жасайды. Содан соң матаға түрлі түсті бояуды жаға беруге болады. Балауыздың осы бір қасиеті арқасында – ежелгі әдістердің бірі матаны әрлеудің негізі каланды. Ежелгі матаны әрдеудің әдісінің тәсілі – Батик. Батикке салынған суреттер бірнеше түрге бөлінеді: геометриялық, түрлі денелер, өсімдіктер бейнесіндегі өрнектер.

22. Жұмсақ ойыншықтарды жасау, әшекейлеу."Өнерінің алтыны қолында, байлығы жатыр жолында" - дегеніміздей, ойыншық тігу үшін тұтынуға жарамсыз деген киімдерді, мата қиындыларынан қолдануға болады. Шаруаға асатын дүниені кесіп білдірудің қажеті шамалы. Ескі матаны, басқа да ұсақ-түйекті алдын ала тазартып, жуып-шайып алса болғаны. Мұндай іске кірісу үшін ең алдымен жұмыс барысында кәдеге асатын заттар мен құрал-саймандардың бәрін жинақтап алған жөн.

23. Қазақтың зергерлік қолөнері. Қазақтың зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халық халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Ұлттық қолөнердің басқа түрлеріне қарағанда, зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігіне тән кәсіптік зергерлері көбіне жеке дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр-сырын ұрпақтан-ұрпаққа үйретіп отырған. Зергерлердің соғатын заттарының түрлері өте көп.

24. Сәндік композицияны орындау технологиясы. Шығармашылық адам мен қоғамның жалпы мәдениетінің элементі ретінде.Шығармашылық, шығармашылық процесс, шығармашылық қызмет. Сәндік-қолданбалы өнер, сәндік-қолданбалы шығармашылық, кәсіпшілік. Түрлері сәндік-қолданбалы өнер, олардың ерекше мүмкіндіктері.

25. Халықтық дәстүрлер мен қолөнер.Ою-өрнек декор элементі ретінде. Геометриялық ою-өрнектің рөліқазіргі сәндік-қолданбалы өнер. Тегіс сызықтарға негізделген ассоциативті дерексіз композициялар.

26. Матаны көркем өңдеу.Шағын сәндік формалар туралы түсінік. Сәндік және сәндік комбинациясы бұйымдардағы функционалдық мақсат. Түсінік штучность және жиынтығы. Сәндік бұйымдар жиынтығына қойылатын негізгі композициялық талаптар-қолданбалы өнер.

27. Безендіру техникасын таңдау. Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын ортақ оймен, бірыңғай түс гаммасымен және орындау техникасымен біріктіру. Бірлік, тұтас композициялық ансамбль құру. Кескінді толығымен беру үшін материалдарды таңдау. Бұйымдардың түстік гаммасын әзірлеу және материалдардың фактурасын таңдау.

28. Теріні көркем өңдеу. Теріні көркем өңдеудің тарихи дамуы. Сипаттарәр түрлі елдердегі теріні көркемдік өңдеудің ерекшеліктері мен дәстүрлері.Көркем өңдеу үшін қолданылатын былғары. Сәндік техникаөсімдік илейтін былғары: нақыштау, жиектеу, қолмен басып шығару, бедерлеу,алтын жалату, батик. Тері хромды илеу. Қолданылатын негізгі құралдар мен құрылғыларкөркем әрлеу тері.

29. Декор элементі ретінде ою-өрнек . Геометриялық ою-өрнегі бар статикалық жолақ жасау. Геометриялық ою-өрнегі бар динамикалық жолақ жасау. Тұрақты геометриялық фигуралар.

30. Сүйек кесу өнері. Сүйектен бұйымдар жасау-адамның еңбек әрекетінің ең көне түрі. Бұл олжалар, иненің қырларынан в эпоху каменного века. Материалдың жеткілікті болды. Сүйек кесу ісінде мүйіздер, үй және жабайы жануарлардың сүйектері болды. Сүйек тақталарымен қаптау әртүрлі жиһаздарда қолданылды. Ірі қара малдың мүйізінен қымыз құюға арналған ожау жасалды.

2 МОДУЛЬ
ВИЗУАЛДЫ ӨНЕР - 5

1. Бейнелеу өнеріндегі композицияның негізгі заңдары. Көркемөнер туындысының құрылымы, оның жанры мен мазмұнына орай құрамдас бөліктерінің тұтастығы. Композиция әдістері өнердің өзіндік ерекшеліктеріне, шығарманың идеясына, авторлық ойтүйсігіне сәйкес туындауы. Композиция шығарманың ішкі құрылымымен бірге оның сыртқы орта мен көрермендер арасындағы қатынасын белгілеуі.

2. Картинаның сюжеттік-композициялық орталығын құру және анықтау тәсілдері. Бейнелеу өнеріндегі композиция шығарманың идеялық және сюжеттік-тақырыптық негізін нақтыландыру барысында заттар мен фигураларды кеңістікке орналастыру тәртібін, шығарма көлемін тиянақтау әрі жарық пен көлеңке үнасымын қадағалау.

3. Формалардың қозғалысын беру. Композицияның бағыты: тік, көлденең, диагональды. Жазықтық композицияның ерекшелігі – бейне бір жазықтықта екі өлшем (ұзындық және биіктік) арқылы тұрғызылуы. Тереңдік кеңістік композицияның ерекшелігі – көрермен пішіндер мен элементтердің қарым-қатынастарын қозғалыс арқылы, кеңістіктің түрлеріне көз тастап қабылдауы.

4. Өнердегі Симметрия және асимметрия. Симметриялық қайта құру және симметрия түрлері. Әртүрлі симметриялық композициялар жасауда симметрияның бірнеше түрлері. Симметрияның бұл түрлері, композицияның көлемін құруда фигураларды симметриялық өзгертулер арқылы, симметрияның жазықтығы, симметриялық ось, көшіру осі секілді симметрияның негізгі элементтері .

5. Симметриялық және асимметриялық тепе-теңдік. Асимметриялық композициялар құрылысының заңдылықтары. Пішіннің негізгі элементтерінің теңгерілу қатынастары – тұрақтылық пен тұрақсыздық, симметриялық пен асимметриялық, тепе – теңдік пен тепе-теңсіздік.

6. Ою-өрнек композициясының түсінігі мен ерекшеліктері. Ою-өрнектің негізгі мәнерлі элементтері. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі — қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек түрлері.

7. Әр түрлі мәдениеттер мен тарихи дәуірлердегі ою-өрнектердің ерекшеліктері. Қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілері Андронов мәдениеті мен байырғы сақ, гүн, үйсін өнері мұраларынан геометриялық, зооморфтық (жан-жануарлардың табиғи және фантастикалық бейнерлері), көгеріс өрнек пен қиял-ғажайып ою-өрнектер (аспанның, жердің символы)

8. Ою-өрнек мотивтері: геометриялық, өсімдік, зооморфты, антропоморфты, гротеск, каллиграфиялық, геральдикалық, аралас. Қазақтардың үй жиһаздарын әшекейлеуге кең көлемде қолданған ою-өрнектерді, негізінен: зооморфтық, өсімдік сипатты, геометриялық, космогониялық түрлері. Олардың ішінде жануарлардың сыртқы пішініне, мүйізіне, тырнағына, мойнына, табанына, т.б. мүшесіне ұқсас ою-өрнектер

9. Ою-өрнек композицияларының жіктелуі. Композициясы бойынша ою-өрнектің түрлері: ленталық (фриз, кайма), тұйық шеңбер(розетта), тор(17 түрі кездеседі). Бұл жолмен классификациялау ою-өрнек салынатын заттың формасына қарай жасалуы.

10. Модульдік формаларды қолдана отырып, ою-өрнек композициясын жасау тәсілдері. Көне бұйымдарындағы ою-өрнектер сәнділігімен қатар, сол бұйымдардың жеңіл әрі берік болу жағын да қарастырған. Оның үстіне әрбір жануар мен заттың өз бойындағы қасиеттеріне байланысты тақырыптық мағынасы, композициясы, симметриясы, ассиметриясы, колориті мен ритмі және философиялық мәні де байқалады. Сонымен ою-өрнек дегеніміз – бұл ойға алған айқын өрнек ырғағымен үйлесетін белгілі бір заңдылықтар жүйесінде жасалынған, қисық сызықты және геометриялық фигура бейнесін белгілі бір тәсілге (стильге) келтіріп, түрлі – түсті бояумен бояп, қандай да бір заттың әшекейленуі.

11. Тақырыптық композициялар жасау ерекшеліктері. Композициялық әдістерді, бейнелеу масштабын, ойды берудің графикалық құралдарын таңдау. Бейнелеу өнеріндегі композиция шығарманың идеялық және сюжеттік-тақырыптық негізін нақтыландыру барысында заттар мен фигураларды кеңістікке орналастыру тәртібін, шығарма көлемін тиянақтау әрі жарық пен көлеңке үнасымын қадағалау.

12. Натурадан сурет салу кезінде заттарды жазықтықта бейнелеу әдістері. Перспективаның ережелеріне сәйкес көрнекі түрдегі көлемді заттардың бейнесі, яғни, біз оларды нақты жағдайда көретініміздей, бұл сурет пен сызбаның негізгі айырмашылығы, онда объектінің бір көрінісі оның екі-үш проекциясына бөлінеді. Натурадан сурет салудың басты ерекшелігі-нақты әлемнің үш өлшемді кеңістігі және ондағы заттар қағаз парағының екі өлшемді жазықтығында бейнеленген.

13. Сурет жазықтығын ұйымдастыру. Форматтағы заттың суретін орналастыру ережелері. Орналасу көрерменді қабылдау заңдарына сәйкес, бөлшектердің максималды ықшамдылығы мен бір-біріне пропорционалдылығы, көрермендердің әртүрлілігі мен бүкіл кескіннің де, оның бөліктерінің де тұтастығы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

14. Натюрморт түсінігі. Натюрморттардың түрлері, формат бетіндегі заттар тобының орналасу ерекшеліктері. Бейнелеу өнері жанрларының бірі. Тұрмыстық заттарды, жемістерді, көкөністерді, гүлдерді және т.б. бейнелеу. Натюрмортты бейнелейтін суретші - түрлі-түсті сұлулықты жеткізуадамның айналасындағы заттар, олардың көлемдік және материалдық мәні, сондай-ақ, бейнеленген заттарға деген көзқарасын білдіреді

15. Нысандарды бейнелеу реттілігі: схемалау, теру, даралау, жалпылау. Натюрмортты құрастырудың келесі кезеңі-композициядағы топтастырудың ниетін ескере отырып, заттарды жазықтық кеңістігінде орналастыру. Оқушылардың өздері үшін натюрморт құрастыру сәті өте маңызды, өйткені мұндай жаттығулар пластикалық тапсырмаларды және заттарды ең тиімді топтауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

16. Жарық көлеңке туралы түсінік. Жазықтықта геометриялық пішіндер мен көлемді геометриялық денелердің суреттерін салу кезінде пішінге графикалық шешімін беру әдістері. Негізгі түс дақтарының қатынастарын табу өте маңызды. Мысалы, көлденең беттің, фонның және негізгі заттың, содан кейін қалған заттардың түсін табу керек.

Сонымен қатар, бүкіл бетті түспен қамтымай, тек жеке, бір-бірімен шектесетін шағын учаскелерді қамтуға тырысу.

17. Перспективалық масштаб және оны сурет салуда қолдану. Жазықтықтардың көлбеу бұрышын анықтау. Перспективалық суреттерді салу кезінде сізге әр заттың пішіні туралы түсінік, сонымен қатар өлшемді дұрыс беру, оның бөліктері мен жеке заттар арасындағы қатынастар, бейнеленуін суретте.

18. Жазық геометриялық пішіндер мен көлемді геометриялық денелердің суреттерін салуда перспектива заңдарын қолдану. Перспектива көлемді, яғни заттардың нақты бейнесін жасау үшін қажет. Суретке көлем беру үшін рельеф пен жарық- көлеңке қолданылады. Сурет салудағы белгілі бір ережелер бар.

19. Әуе перспективасы және оның жарық көлеңке бейнесіне әсері. Заттың алыстауы, оны ауа ортасына батырған сайын оның сыртқы белгілерінің өзгеруі.

20. Суретте қолданылатын техникалар. Қарындашпен жұмыс істеу тәсілдері. Қағаздағы қарапайым қарындашпен жұмыс істеудің екі негізгі әдісі: штрихтау және көлеңкелеу. суретші тегіс параққа көлемді мүсіндейтін сияқты, объектінің жарық-көлеңкелік модельдеуін жасайды, бұл біздің санамызды кеңістіктің елесіне, оның тереңдігіне, модельдің тіршілігіне немесе жемістердің балғындығына сендіреді. Шын мәнінде, саусақпен немесе құрғақ қылқаламмен көлеңкелеу бірдей талаптарды орындайды.

21. Штрихтау арқылы нысандардың, жарық-көлеңке қатынастарын және заттардың кеңістіктікте орналасуын графикалық беру тәсілдері. Нысанының көлемдік-кеңістіктік, материалдық қасиеттері мен құрылымының заңдылықтарын беруге ықпал ететін негізгі техникалық тәсілдер.

22. Заттың түсі мен текстурасы әртүрлі заттардың пластикасы мен пішінінің ерекшеліктерін графикалық беру тәсілдері. Берілген форматтағы түсі мен фактурасы бойынша әртүрлі нысан пішінінің көлемдік-кеңістіктік, материалдық қасиеттері мен құрылымының заңдылықтарын беруге ықпал ететін негізгі техникалық тәсілдер.

23. Күрделі бедерлі беттердің кескіндерін құру тәсілдері. Жазықтықтағы белгілі бір семантикалық (мәтіндік немесе графикалық) ақпаратты, сондай-ақ форманың таза көркемдік (сәндік) дамуын беру құралы. Графикалық құралдарға нүкте, сызық, дақ (немесе тон) және түс сияқты компоненттер кіргізу.

24. Өсімдіктер әлемі объектілерінің тән түрлік белгілерін графикалық беру тәсілдері. Жазықтықтағы белгілі бір семантикалық (мәтіндік немесе графикалық) ақпаратты, сондай-ақ форманың таза көркемдік (сәндік) дамуын беру құралы. Графикалық құралдарға нүкте, сызық, дақ (немесе тон) және түс сияқты компоненттер кіргізу

25. Түстерді қабылдау ерекшеліктері. Түс үйлесімі теориясы. Үйлесімді және үйлесімсіз комбинациялар. Эстетикалық бағалауды тудыратын немесе басқаша айтқанда жағымды әсер қалдыратын екі (немесе одан да көп) түстердің үйлесімі. Түс үйлесімінің ресми негізі-бұл ерекше тепе-теңдікпен сипатталатын түс комбинациясының белгілі бір түрлері.

26. Түстер мен түстерді араластыру заңдары. Түсті шеңбер және түсті Дене туралы түсінік. Негізгі түс сәулелерін немесе бояуларды қолдана отырып, әртүрлі түстерді алу процесі. Табиғи жағдайда көрінетін түстер, әдетте, спектрлік түстердің араласуының нәтижесі болып табылады.

27. Суреттерді шектеулі түс схемасында, түрлі-түсті фонда, тоналды қағазда орындау әдістері. "Гризайл" техникасы. Бір тонның, хроматикалық немесе ахроматикалық градациялармен жасалған кескіндемеден айырмашылығы, кескіндеме түрі

28. Акварель техникасы: құю, глазурь, аралас. Бояуларды араластыру тәсілдері. Сурет жазықтығын ұйымдастырудың ерекшеліктері, парақтың пішімі мен бағытын таңдау, парақтағы кескіннің орналасуы, объектілерді бейнелеу реттілігі: схемалау, теру, даралау, жалпылау;

29. Кескіндеме арқылы көлем мен кеңістікті беру. Жарықтандыру жағдайларына және рефлекстің әсеріне байланысты заттардың түсі мен композиция фонының өзгеруі. Жарық- көлеңке -бұл заттың бетіндегі жарықтың таралуы. Бұл объектінің және оның беттерінің жарық көзіне қатысты орналасуына байланысты. Жарықтандыру заттардың пішіні мен көлемін айқын көрсететін көлеңкелердің пайда болуына әкеледі.

30. Кескіндемедегі композицияның алдыңғы және фонын зерттеу әдістері. Алдыңғы шеп-сурет немесе кескіндемедегі көрнекі элементтер, олар тереңдік тұрғысынан көрерменге жақын орналасқан. Бұл элементтер орта деңгей мен фонның жоғарғы жағында пайда болады. Фон-бұл суретті қарау кезінде ең алыс болып көрінетін аймақ. Фонның арқасында орта және алдыңғы нысандардағы заттар жақынырақ көрінеді және кеңістік сезімі пайда болады.

3 МОДУЛЬ
КӨРКЕМ ЕҢБЕК

1. Көркем еңбек сабағында қоршаған орта туралы білім мен түсінік. Қоршаған орта элементтерінің визуалды сипаттамасын (композиция,түс, пішін, фактура, пропорция) өзінше түсіндіру.Күрделі шығармашылық идеяларымен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдарымен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау

2. Көркем еңбек сабағында тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік. Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттау. Оқушылар қазақ халқының мәдени бірегейлік ерекшеліктерін талқылайды және қазақтың тұрмысы, мәдениеті мен тарихын сипаттайтын нысандарды атайды. Бұл сабақта қазақ халқының мәдени бірегейлігі мен мұрасының ерекшелігіне басты назар аударғаныңыз жөн.

3. Көркем еңбек сабағында ақпарат көздерімен жұмыс істеу. Шығармашылық жұмыста идеяларыніске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде АКТ қолданып). Оқушылар өз пайымы бойынша Қазақстанның нышаны ретінде бір нысан таңдайды. Түрлі түсті картон қағазында сұлбасын салып, сол сызық бойынша қырқып шығады.Орындалған жұмыстарды шетке қойып қойғаны жөн. Бұл бұйымдарды олар сабақтың сарамандық бөлімінде қолданатын болады.

4. Көркем еңбек сабағында идеяларды талдау және бағалау. Пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды талқылау және бағалау. Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар. Тәуелсіз зерттеулер.Оқушылар өз бетінше топтарда туындылардың репродукцияларын зерттейді. Туындылардың стилін анықтау және шығармашылық авторларымен танысу мақсатында ұсынылған интернет ресурстарын,виртуалды галереялар, энциклопедиялар, журналдар, мәтіндік жинақтарды қолданады. Оқушылар өздерінің зерттеу нәтижелері мен әсерлерімен бүкіл сыныппен бөліседі.

5. Көркем еңбек сабағының әдіс- тәсілдерді талдау және бағалау. Пәндік терминологияны пайдалана отырып, басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) және өз жұмыстарындағы әдіс- тәсілдері мен техникаларды талқылау және бағалау. Оқушылар зерттеген материал бойынша өзінің сезінулері мен әсерлері негізінде сарамандық жұмыс орындайды. Оқушылар сарамандық жұмыс орындау үшін таңдалған заманауи стильдік бағыттар бойынша шығармашылық топтар құруы мүмкін.

6. Көркем еңбек сабағында материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары. Шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі (заманауи) технологиялар мен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру. Заманауи және дәстүрлі емес материалдардың бірқатарынтану және олардың тиімді біріктірілуі мен өңделу мүмкіншілігін анықтау. Өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізінде

тәжірибелік жұмыс орындау (2 D немесе 3D форматында). Ұсынылған презентациялар, бейнетаспалар мен инсталляциялық өнер бейнесу бар репродукцияларды қарастырады.
Топта бірқатар мәселелерді талқылайды және оқушылардың пікірінше ең өзекті мәселені таңдайды.

7.Шығармашылық идеялардың көркем көрінісі. Күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау. Таңдаған мәселеге қатысты жеке өзіндік нобай орындау. Оқушылар танымал туындылар авторларының жұмыстарына сүйене отырып, бөлек алынған элементтерін идеяларын дамытуға қолданады. Топта жеке әр оқушының идеяларын талқылау, жалпылау мен инсталляцияның ең ұтымды нобайын таңдау. Оны негіздеу және іске асыру. Нысанды орындау үшін топта іс- әрекет түрлерін бөлісу, жұмысты орындау барысында тәуекелге баруды ескере материалдар және орындау тәсілін таңдау.

8. Шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы. Ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі т.б.). Жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру. Оқушылар топта заманауи өнердің жаңа бағыт өкілдерінің туындыларымен бірге, осы бөлімді меңгеру барысында орындалған ең сапалы жұмыстарын таңдап алып қорытынды презентацияларын, көрмелерін немесе бейнетаспаларын орындайды. Оқушылар жұмыстарын көрсету үшін орын, жабдықтар таңдайды. Орындалған жұмыстарды ұсыну үшін іс-әрекет (орналастыру, бекіту, біріктіру, паспартумен безендіру) түрлерін ойластырады. Олар өнер туындыларын орналастыру процедурасын тексеріп, оны бекіткен кезде жұртшылық қауіпсіздікте болатындығына кепіл береді.

9. Көркемдік жазбалардың тәсілдері мен техникасы (батик, гжель, хохлома және т.б.). Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттау. Оқушылар көркемдік жазбамен безендірілген бұйымдарды қарастырады. Оларға сабақ тақырыбын анықтайтын сұрақтар қойылады:Берілген көркем жазбалар немен ерекшеленеді? Көркем жазбаларды қандай жазықтықта орындайды?

10. Оқушылар сәндік-қолданбалы өнердің бір түрі көркемдік жазба және оның түрлері. Шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде АКТ қолданып) Оқушылар ою-өрнектік композициясының ерекшелігі (ою- өрнек түрлері, халық шығармашылығындағы мотивтер) және тарихи және мәдени қалыптасуына байланысты жазбаның түстік шешімі өзбетінше танысады. Көркемдік жазбаның негізін, орындалу жазықтығын зердейледі (мысалы, жостов жазбасы металл үстінде, ағаш бетіндегі хохлома және т.б.)

11. Дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау. Бұйымжасауда әртүрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде АКТ қолданып), нобайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау. Бұйымның нобайын орындау. Материалдар мен құралдарды дайындау.Оқушылар текстильде орындалатын көркемдік жазбамен: баспа (набойка),батик (салқын, ыстық, түйінді батик, еркін жазба), мата ұстінде орындалатын жазбаға арналған қажетті материалдар мен құралдармен (шыны түтікшелер, резерв, маталар, кергіштер, батикке арналған бояулар), жазбаның мата бетіне бекіту және жұмыс орындау ерекшелігімен танысады.

12. Шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау. Алған білімдері мен тәжірибелерін қолдана болашақ іс-әрекеттерін. Оқушыларға көркемдік жазбаның бір түрін таңдайды және көркемдік жазбамен безендірілген бұйымының нобайын орындайды.Бұйымның нобайын орындау. Оқушылар көркемдік жазбаның бір түрін (салқын және ыстық батик, гжель, хохлома және т.б.) таңдап, өз іс-әрекеттерін анықтай отырып технологиялық құжаты (карта) дайындайды. Оқушылар безендіру нысанын таңдап (ыдыстар, қобдишалар, вазалар, текстиль және т.б.), көркемдік жазбаларының ою-

өрнек композициясының ерекшелігін ескере отырып бұйымның безендірілу композициясының нобайын және олардың элементтерін нақты орындайды (мысалы, хохломаның өрнегіндегі түсінің, сызықтары мен орамдарының ерекшелігі). Түстік шешімін таңдайды және қажетті құралдар мен материалдарды дайындайды

13.Шығармашылық идеялардың көркем көрінісі. Күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау. Оқушылар құрастырылған технологиялық карта бойынша жұмысқа кіріседі.

14. Материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары. Шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі (заманауи) технологиялар мен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру. Оқушылар суретті негізге көшіреді. Әрбір көркемдік жазбаға арналған түстік палитраны жинақтайды. Оқушылар көркемдік жазба бойынша бірқатар жаттығулар орындайды. Қылқаламдарды (жалпақ, дөңгелек пішінді, әр түрлі өлшемді) таңдап алып, қағаз бетінде бірнеше элементтер орыдап болған соң, жұмысқа кіріседі. Оқушылар жазықтыққа суретті көшіру әдісін бақылайды.

15. Қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасының ережелерін сақтау. Қауіпсіздік ережелерінің сақтай отырып, маңызылығын көрсету арқылы құралдар мен материалдарды қолдану. Оқушылар технологиялық құжат бойынша жұмысты аяқтайды.

16. Шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы. Ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі т.б.). Жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру. Оқушылар шығармашылық жұмысты көрмеге қою нұсқаларын ұсынады. Көрмеден түскен қаражатты мектептің қайырымдылық жұмыстарына беруіге болады. Оқушылар өз шығармашылық жұмыстарын безендіріп, көрмеге дайындайды. Оқушылар өз шығармашылық жұмыстарын көрмеге дайындайды.. Өз жұмыстарына аннотация жазады және көрменің атауын қарастырып, хабарлама мен шақыру қағаздарын дайындайды. Жұмыстарының орналасу орындарын қарастыру барысында бір-бірінің жұмыстарын жауып қалмауын ескереді. Барлық жұмыстардың атауы болуы тиіс (атауы, жұмыс авторы, жасы, сыныбы, бағасы). Жұмыс атауларры бірдей шрифтпен, бір түсті және форматы болу керек.

17.Дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау. Функционалды (техникалық) және эстетикалық талаптарға сай, дизайн дайындау бойынша тапсырмаларды орындау. Әр топ постерге суретін сала отырып, жинақталған сурет бойынша бұйымды трансформациялау бойынша идеяларын жүзеге асырады. Талқылау барысында идея басқа топтардың ұсыныстарымен толықтырылады. Оқушылар «трансформация» және «трансформациялау тәсілдері» ұғымын білдіретін сұрақтарға жауап береді.

18. Бұйым жасауда әртүрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде АКТ қолданып), нобайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау. Тігін бұйымдарының түрлері мен трансформациялаудың түрлі тәсілдері көрсетілген видеоматериалдарды, көрсетілімді көріп шығады. Трансформациялаудың қандай тәсілдері көрсетілді? Бұйымды бір түрден басқа түрге қалай өзгертуге, (мысалы, жейдеден – сөмке, бас киім және т.б.) трансформациялауға болады? Оқушылар таңдалған бұйымды трансформациялау үшін нобайын жасайды. Нобайды сыныпқа көрсетіп, талқылаудан кейін өзгерту енгізеді. Бұйымның бөліктері немесе бөлшектерінің атауы мен санын анықтайды.

19.Тігін машинасының жұмысында ақауларды анықтау және жөндеу.Материалдар мен жабдықтарды дайындау. Құралдар мен жабдықтар. Тігістің орындалу тәсілі бойынша тігін машиналарының жіктелуін зерттейді. Бейнетаспалар мен презентациялар арқылы қайып тігу және тізбекті тігістерінің орындалу үдерісін зерделейді.

20. Заманауи және дәстүрлі емес материалдардың бірқатарын тану және олардың тиімді біріктірілуі мен өңделу мүмкіншілігін анықтау. Материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары.

Оқушылар ақауы бар машина тігістерінің үлгілерін қарап шығады. Машина жұмысындағы

кемшіліктердің түрін және оны жөндеудің тәсілдерін анықтап, «Тігін машинасымен жұмыс кезінде кездесетін ақаулар» кестесінің бос бөлігіне мәліметтер толтырады. Оқушылар мата кесінділерінде жоғарғы жіптің тартылуын реттеу бойынша жаттығулар орындайды.

21.Әртүрлі конструкциялық, заманауи тоқыма және сәндеу материалдарын қолдана отырып, тігін машинасында технологиялық талапқа сайкес бұйым жасау. Жасау технологиясы. Киім жиынтығын дайындау. Бөлшектерді пішу. Жекелеген бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу. Бұйымды безендіру. Оқушылар бұйымды пішуге дайындайды: ақауларын, бұйымның өңі мен теріс жағын анықтап, ылғалды- жылумен өңдейді. Графикалық құжаттаманы қолдана отырып (сызба, пішім, лекало және т.б.), оқушылар бұйым бөліктері мен бөлшектерін пішеді. Пішу кезінде бұйымды біріктіруге және өңдеуге қалдырылатын қосымшаны ескеру қажет.

22.Тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық өңдеу барысында қолданылатын құралдарды анықтау, таңдау, қолдану. Құралдар мен жабдықтар. Оқушылардың таңдаған бұйымдарын тігу кезінде қолданылатын машина тігістерін: біріктіру және шет тігістері түрлерін және оларды орындау технологиясын үйренеді. Тігін машинасын қолданып және технологиялық реттілігін сақтай отырып, өңдеу операцияларын орындайды және трансформацияланатын бұйым бөліктері мен жекелеген бөлшектерді біріктіреді.

23. Оқушылар бұйымды безендіру үшін әрлеу материалдары мен фурнитуралар қолдану әдістері. Шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау. Таңдау бойынша оқушылар қазақтың ұлттық элементтерін қолдануына болады. Бұйым дайындау барысында қажетті жабдықты таңдай отырып, ЫЖӨ операциясын орындайды. Соңғы кезеңде оқушылар соңғы өңдеу және шығармашылық жұмысты әрлейді.

24. Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану. Жұмысты жетілдіру және бейімдеу. Бұйым дайындау барысында қажетті жабдықты таңдай отырып, ЫЖӨ операциясын орындайды. Соңғы кезеңде оқушылар соңғы өңдеу және шығармашылық жұмысты әрлейді. Оқушылар бұйымның өзіндік бағасын есептейді.

25. Шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы. Ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру(көрме, сән көрсетілімі т.б.). Оқушылар кең көлемді аудиторияға дайын жұмысты ұсынады (көрме, сән көрсетілімі т.б.).Модель көрсетуге немесе көрмеге арналған жабдықтарға орын таңдайды.Көрме немесе киім үлгілерін көрсету үшін көрермендерге арналған шақыру қағазын дайындайды. Модельдерді көрсету үшін образ құрастырады немесе көрмеге арналған қосымша материалдар таңдайды.

26. Орындалған жұмысты жетілдіру бейімдеу және ұсыныстар жасау. Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды салыстыруда негізделген сыни техникалық ұйымдастыруды қарастырады (музыка, интербелсенді құрылғылар және т.б.). Өз идеясы мен оны жүзеге асыру үдерісін, жұмысты көрсету барысында сыни пікір айтады.Бұйымның соңғы өзіндік құнын хабарлайды және бұйымды таңдаудағы дұрыс шешімі мен оны орындаудың мақсаттылығы бойынша қорытынды жасайды.Көрме немесе модельдерді көрсету кезінде көрермендерден интервью алу немесе пікірін жазып алу: орындалған бұйымның оң және теріс жақтарын атайды. Яғни, кемшіліктері мен жетістіктерін анықтайды.

27. Әлем халықтарының және ұлттық тағамдардың жасалу технологияларын зерделеу және қолдану. Тамақтану мәдениеті. Оқушылар «Қонақты күтеміз» атты викторинаның сұрақтарына жауап береді.

Оқушылар мен қазақ мәдениетіне тән дәстүрлі тағамдар мен қонақ күту ережелерін талқылайды. Оқушылар сұрақтарға жауап береді: Қазақ халқының қонақжайлығының ерекшелігін атаңыз? Қандай тағамдар ұсынады? Алдын-ала дайындалған азық- түліктен қандайтағамдар дайындауға болады?

28. Әлем халықтарының тағамдары (тәуелсіз зерттеулер). Ақпарат көздерімен жұмыс

істеу. Шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде АКТ қолданып) Оқушылар таңдаған елдің ұлттық тағамдарын топта зерттейді. Зерттеу барысында олар АКТ көздерін пайдалана отырып, тағам атауларына, шығу дәстүріне, ұсыну тәсіліне, азық-түліктерді таңдау және олардың үйлесіміне, дәмдік талғамына, белгілі аспазшылардың кәсіби жұмысына, ерекшелігіне назарын аудару қажет. Оқушылар өздерінің зерттеу нәтижелерін буклеттер/кулинарлы анықтамалар /эссе/ мақалалар түрінде, безендіріп көрсетеді.

29. Әлем халықтарының тағамдары мен әлемге әйгілі аспасшылардың тағамдарындағы ерекшеліктерді сипаттап, салыстыру. Тамақтану мәдениеті. Оқушылар таңдаған елдің тағам ерекшелігін және белгілі аспазшының тағамды дайындау ерекшелігін сипаттай отырып, өз жұмысын ұсынады. Дайын жұмысты безендіруде /дизайнында шығармашылық идеяның берілуін көрсетеді. Оқушылар берілген тағамдарды сипаттай отырып, ұлттық тағамдарындағы компоненттерінің халық өмірімен байланысы, ұқсастығы жайлы өзара пікір-талас жүргізеді. Әлем халықтарының және ұлттық тағамдардың жасалу технологияларын зерделеу және қолдану. Әртүрлі тағамдар дайындауда қолданатын қажетті құрал- жабдықтарды, өнімдерді таңдауда өз бетінше нақты шешім қабылдай алу. Оқушылар таңдаған тағамдар бойынша оқушыларға бейнетаспалар көреді. Әлем халықтарының тағамдары. (суши, пицца, көже т.б.)

30. Үй мәдениеті. Эксплуатациялық, эстетикалық және экологиялық сапаларын бағалай отырып, тұрмыстық техникаларды мақсаты мен атқаратын қызметіне қарай жіктеу.Тұрмыстықтехникаларды қолдану мен күту ережелерін сипаттау жәнезерделеу.Заманауитехнологиялық машиналармен қауіпсіз жұмыс жасау жолдарын білу және түсіндіру. Интерьер дизайнын безендіру үшін әртүрлі өсімдіктердің эстетикалық қасиеттерін сипаттау, қолдану және бағалау. Пәндік терминологияны пайдалана отырып, басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) және өз жұмыстарындағыәдіс-тәсілдер мен техникаларды талқылау және бағалау.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ожарова Г.М. Графикалық дизайн негіздері [Мәтін]: Оқу құралы / Г.М. Ожарова. - Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2019. - 104 б.
2. Өтепбаев, Н.Н. Академиялық сурет [Мәтін]: Оқу құралы / Н.Н. Өтепбаев.- Алматы: Эверо, 2015.
3. Академическая живопись [Текст]: Учебное пособие / К.М. Бегимбай.- Алматы: Эпиграф, 2017. - 96 с.
4. Дизайн негіздері [Мәтін]: Оқу құралы / Қ. Ералин, Ғ. Ералина.- Алматы: Эпиграф, 2017.
5. Қазақтардың сәндік қолданбалы өнері [Мәтін]: Оқу құралы / Айнұр Абдрахманқызы Жиенбекова.- Алматы: ТехноЭрудит, 2019.
6. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы дизайн саласына мамандар даярлау тәсілдері [Мәтін]: Оқу құралы / К. М. Бегімбай.- Алматы: Эверо, 2018.
7. Баубеков, С.Д. Сурет (техникалық) [Мәтін]: Оқу-әдістемелік құрал / С.Д. Баубеков, К.С. Таукебаева.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.
8. Адамқұлов, Н.М. Дизайндағы жарнама және баспа графикасы [Мәтін]: Оқулық / Н.М. Адамқұлов, А.С. Жаскиленова, Э.К. Хасенова.- Алматы: ССК, 2020.
9. Буркитбаев, Т.С. Бейнелеу өнерінің тарихы [Мәтін]: Оқу құралы / Т.С. Буркитбаев, Г.Б. Кунжигитова.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 220 б.
10. Ералин, Қ. Бейнелеу шығармаларын бағалау [Мәтін]: Оқу құралы / Қуандық Ералин, Жалғасбек Бейсенбеков. – Алматы: Эпиграф, 2016. – 180 б.

11. Адамқұлов, Н.М. Көркем еңбек [Мәтін]: Оқу-әдістемелік құрал / Н.М. Адамқұлов, С.Ж. Түрікпенова. – Алматы: ССК, 2020. – 104 б.
12. Раупова, Н.А. Көркем еңбек. 4 сынып [Мәтін]: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық / Н.А. Раупова, Ә.Т. Төлебиев, Е.В. Дашкевич. – Алматы: Атамұра, 2019. – 144 б.

БАҒДАРЛАМА СҰРАҚТАРЫ

1 МОДУЛЬ
СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР НЕГІЗДЕРІ

1. Сәндік қолданбалы өнерге байланысты түсініктер беру.
2. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің көп ғасырлық тарихы.
3. Мата түрлері.
4. Матадан құрақтар құрастыру. Пэчворк.
5. Қолөнерінің алатын орыны.
6. Қазақтың ұлттық ою – өрнегі.
7. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі – қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып.
8. Қағазбен жұмыс. «Оригами» өнері.
9. Қағаз – біреулер үшін тек жазу не сызу құралы болса, енді біреулер үшін қолөнерде таптырмас материал.
10. Квиллинг өнері.
11. Қолөнерде таптырмас материалдың бірі қағаз.
12. Квиллинг - қолөнердің бір түрі, онда түрлі-түсті өрнектер қалыптастыру, композициялар.
13. Бисермен жұмыс.
14. Жүн және одан жасалатын заттар.
15. Табиғи жүн – тірі малдан алынатын жүн немесе тарау кезіндегі алынатын қылшықтар.
16. Жүн –жылы, берік және ұзақ жылды талшық.
17. Тоқу өнері.
18. Кесте тігу технологиясы.
19. Кілем тоқу өнері.
20. Текемет бұйымдарын дайындау технологиясы және талаптары.
21. Батикпен жұмыс.
22. Жұмсақ ойыншықтарды жасау, әшекейлеу.
23. Қазақтың зергерлік қолөнері.
24. Сәндік композицияны орындау технологиясы.
25. Халықтық дәстүрлер мен қолөнер.
26. Матаны көркем өңдеу.
27. Безендіру техникасын таңдау.
28. Теріні көркем өңдеу.
29. Декор элементі ретінде ою-өрнек .
30. Сүйек кесу өнері.

2 МОДУЛЬ
ВИЗУАЛДЫ ӨНЕР-5

1. Бейнелеу өнеріндегі композицияның негізгі заңдары.

2. Картинаның сюжеттік-композициялық орталығын құру және анықтау тәсілдері..

3. Формалардың қозғалысын беру. Композицияның бағыты: тік, көлденең, диагональды.

4. Өнердегі Симметрия және асимметрия. Симметриялық қайта құру және симметрия түрлері.

5. Симметриялық және асимметриялық тепе-теңдік. Асимметриялық композициялар құрылысының заңдылықтары.

6. Ою-өрнек композициясының түсінігі мен ерекшеліктері. Ою-өрнектің негізгі мәнерлі элементтері.

7. Әр түрлі мәдениеттер мен тарихи дәуірлердегі ою-өрнектердің ерекшеліктері.

8. Ою-өрнек мотивтері: геометриялық, өсімдік, зооморфты, антропоморфты, гротеск, каллиграфиялық, геральдикалық, аралас.

9. Ою-өрнек композицияларының жіктелуі.

10. Модульдік формаларды қолдана отырып, ою-өрнек композициясын жасау тәсілдері.

11. Тақырыптық композициялар жасау ерекшеліктері. Композициялық әдістерді, бейнелеу масштабын, ойды берудің графикалық құралдарын таңдау.

12. Натурадан сурет салу кезінде заттарды жазықтықта бейнелеу әдістері.

13. Сурет жазықтығын ұйымдастыру. Форматтағы заттың суретін орналастыру ережелері.

14. Натюрморт түсінігі. Натюрморттардың түрлері, формат бетіндегі заттар тобының орналасу ерекшеліктері.

15. Нысандарды бейнелеу реттілігі: схемалау, теру, даралау, жалпылау.

16. Жарық көлеңке туралы түсінік. Жазықтықта геометриялық пішіндер мен көлемді геометриялық денелердің суреттерін салу кезінде пішінге графикалық шешімін беру әдістері.

17. Перспективалық масштаб және оны сурет салуда қолдану.

18. Жазықтықтардың көлбеу бұрышын анықтау.

19. Жазық геометриялық пішіндер мен көлемді геометриялық денелердің суреттерін салуда перспектива заңдарын қолдану. Әуе перспективасы және оның жарық көлеңке бейнесіне әсері.

20. Суретте қолданылатын техникалар. Қарындашпен жұмыс істеу тәсілдері.

21. Штрихтау арқылы нысандардың, жарық-көлеңке қатынастарын және заттардың кеңістіктікте орналасуын графикалық беру тәсілдері.

22. Заттың түсі мен текстурасы әртүрлі заттардың пластикасы мен пішінінің ерекшеліктерін графикалық беру тәсілдері.

23. Күрделі бедерлі беттердің кескіндерін құру тәсілдері.

24. Өсімдіктер әлемі объектілерінің тән түрлік белгілерін графикалық беру тәсілдері.

25. Түстерді қабылдау ерекшеліктері. Түс үйлесімі теориясы. Үйлесімді және үйлесімсіз комбинациялар.

26. Түстер мен түстерді араластыру заңдары. Түсті шеңбер және түсті Дене туралы түсінік.

27. Суреттерді шектеулі түс схемасында, түрлі-түсті фонда, тоналды қағазда орындау әдістері. «Гризайл» техникасы.

28. Акварель техникасы: құю, глазурь, аралас. Бояуларды араластыру тәсілдері.

29. Кескіндеме арқылы көлем мен кеңістікті беру. Жарықтандыру жағдайларына және рефлекстің әсеріне байланысты заттардың түсі мен композиция фонының өзгеруі.

30. Кескіндемедегі композицияның алдыңғы және фонын зерттеу әдістері.

3 МОДУЛЬ
КӨРКЕМ ЕҢБЕК

1. Көркем еңбек сабағында қоршаған орта туралы білім мен түсінік.
2. Көркем еңбек сабағында тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік.
3. Көркем еңбек сабағында ақпарат көздерімен жұмыс істеу.
4. Көркем еңбек сабағында идеяларды талдау және бағалау.
5. Көркем еңбек сабағының әдіс- тәсілдерді талдау және бағалау.
6. Көркем еңбек сабағында материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары.
7.Шығармашылық идеялардың көркем көрінісі.
8. Шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы.
9. Көркемдік жазбалардың тәсілдері мен техникасы (батик, гжель, хохлома және т.б.).
10. Оқушылар сәндік-қолданбалы өнердің бір түрі көркемдік жазба және оның түрлері.
11. Дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау.
12. Шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау.
13.Шығармашылық идеялардың көркем көрінісі.
14. Материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары.
15. Қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасының ережелерін сақтау.
16. Шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы.
17.Дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау.
18. Бұйым жасауда әртүрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде АКТ қолданып), нобайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау.
19. Тігін машинасының жұмысында ақауларды анықтау және жөндеу.
20. Заманауи және дәстүрлі емес материалдардың бірқатарын тану және олардың тиімді біріктірілуі мен өңделу мүмкіншілігін анықтау.
21.Әртүрлі конструкциялық, заманауи тоқыма және сәндеу материалдарын қолдана отырып, тігін машинасында технологиялық талапқа сайкес бұйым жасау.
22.Тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық өңдеу барысында қолданылатын құралдарды анықтау, таңдау, қолдану.
23.Оқушылар бұйымды безендіру үшін әрлеу материалдары мен фурнитуралар қолдану әдістері.
24. Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану.
25. Шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы.
26. Орындалған жұмысты жетілдіру бейімдеу және ұсыныстар жасау.
27. Әлем халықтарының және ұлттық тағамдардың жасалу технологияларын зерделеу және қолдану.
28. Әлем халықтарының тағамдары (тәуелсіз зерттеулер).
29. Әлем халықтарының тағамдары мен әлемге әйгілі аспасшылардың тағамдарындағы ерекшеліктерді сипаттап, салыстыру.
30. Үй мәдениеті.